

Жарқамыс селолық округі әкімінің 2011 жылғы 12 қазандағы № 11 "Жарқамыс селолық округінің көшелеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Жарқамыс ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 12 қарашадағы № 26 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 қарашада № 4074 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V «Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық Заңына сәйкес, Жарқамыс ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жарқамыс селолық округі әкімінің 2011 жылғы 12 қазандағы № 11 «Жарқамыс селолық округінің көшелеріне атау беру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-4-125 тіркелген, 2011 жылғы 03 қарашадағы «Жем-Сағыз» аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін :

көрсетілген шешімнің мемлекеттік тілдегі атауында және бүкіл мәтіні бойынша « селолық» сөздері тиісінше «ауылдық» сөзімен ауыстырылсын, шешімнің орыс тіліндегі м ә т і н і н д е ө з г е р м е й д і .

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жарқамыс ауылдық округінің әкімі

М.Ажимкин